

*Салт - дәстүр
жырларының түрлері
мен өмірде қолдану
аясына тәлімді мәніне
талдау*

Топ: Иняз

Орындаған: Сеитметова Нилюфар

Қабылдаған: Минасипова А.Р

Жоспар

Кіріспе

1. Салт-дәстүр туралы түсінік
2. Қазақтың салт-дәстүрлері
3. Салт - дәстүр мен өмірде қолдану аясына тәлімді мәніне талдау
4. Этнопедагогика — ұлттық салт-дәстүрлердің тәлімдік мән-мағынасын зерттейтін ғылым саласы

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

КІРІСПЕ

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, ұрпақ тәрбиелеу. Тәрбие үрдісінде ғана адам рухани жетіледі. Жасөспірімдерді жан - жақты қабілетті, әдепті азамат етіп өсіруде халықтық салт - дәстүрлердің, тыйым сөздердің тәлім - тәрбиелік, білім - танымдық рөлі орасан зор. Ұлттық тәрбие салт - дәстүр, әдет - ғұрыптарды сақтап, мейірімді парасатты болуға, адамгершілікке, имандылыққа баулиды. Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата - бабаларымыздың салт - дәстүрлері, даналық сөздері және әдеп ережелері сан ғасыр бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, ар - ождананы жоғары, намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық.

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.

Салт дәстүр мәселесі Қазіргі таңда салт дәстүр мәселесі алғашқы орындарды тіреп тұр. Қазақ халқында көптеген салт дәстүрлер мен ырымдар бар. Бірақ өкінішке орай адамдардың көбісі ырым мен салт дәстүрді шатастырады екен. Ата баба өсиеті болып келе жатқан салт дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған.

Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы — мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі.

Қазақтың салт-дәстүрлері

- ✓ Шарана шайқау
- ✓ Кіндік шеше
- ✓ Қыз айттыру
- ✓ Табалдырық аттау
- ✓ Құйрық-бауыр (салт)
- ✓ Жасау
- ✓ Сәлем салу
- ✓ Киіт
- ✓ Түйе мұрындық
- ✓ Есік ашар
- ✓ Өңір салу
- ✓ Құрсақ той
- ✓ Жарыс қазан
- ✓ Төркіндеу
- ✓ Ілу салу
- ✓ Қыз алып қашу
- ✓ Құда түсу
- ✓ Неке қияр

Қазақ халқы салт дәстүрге өте бай және олардың көпшілігі Қазіргі таңда күнделікті өмірімізде де кездестіреміз. Сондықтан олардың өмірде қолданудың тәлімдік мәні өте зор.

Кез келген халықтың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы болады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге байланысты туған шығармалар тұрмыс-салт жырлары деп аталған. Тұрмыс-салт жырлары мазмұны жағынан бірнеше түрге бөлінген. Олардың негізгілері:

1. Төрт түлік малға, еңбекке, аңшылық кәсіпке байланысты туған шығармалар. Наурыз жыры.
2. Баланың дүниеге келуіне, есейіп ержетуіне байланысты туған шығармалар.
3. Үйлену салтына байланысты туған өлең-жырлар.
4. Көңіл күйді білдіретін өлең-жырлар.
5. Бата-тілектер.

Қазақ этнопедагогикасының үлкен бір саясаты — қазақ халқының салт.дәстүрлері болып табылады. Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет.ғұрыпқа, әсерлі әдет.ғұрыптар салт.дәстүрлерге, халықтың өмірінде қалыптасқан салт.дәстүрлер салт.сана болып қалыптасқан. Халықтың салт.дәстүрлері рәсімдер мен жөн.жоралғылар, рәміздер, ырымдар меи тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі дамып, толысып, жаңарып отырады.

Халықтың игі мәдени дәстүрлері; ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақ жайлылық, имандылық, иманжүзділік — барлық мәдени үлгі. өнегелі іс.әрекеттердің көрінісі — деп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алыт, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Бұл — ұлт мәдениетінің ең озық көріністері. Халықтың әдеп — ұрпақ тәрбиесінің өзекті арқауы.

Беташар — қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Дәстүрлі беташар, әдетте, тойға жиналған халық тарқар кезде өткізілген.

Шымылдық ішінде отырған келіннің басына орамал жауып, той өтіп жатқан үйдің ең жақын, үлгілі келіндері екі жағынан қолтықтап алып шығады. Беташардың тәрбиелік мәні зор болғандықтан, келіншектің екі жағына тұратын әйелдер жесір, жеңілтек, т.б. болмауы қатаң ескеріледі.



Ұзатылатын қыздың аулында айтылатын "Жар-жар", "Жұбату", "Сыңсу" өлеңдерінде, келін түсіру тойында орындалатын "Беташарда" қыздың, жас келіннің басты-басты киімдері, сән-салтанаты мадақтала жырланған.

Халық жырларындағы арулардың сұлу мүсінін шебер суреттеудегі мақсат — жастарды әсемдік сезімге бөлеу. Сұлулықты терең сезініп, соған еліктесе екен деген ой-пікірден туған.

Халқымыз қыздың көркіне ақыл-ойы, мінезі сай болуын қалаған. "Қыз — қылығымен сүйкімді", "Қызым үйде, қылығы түзде" деп, қыз тәрбиесінің ерекшелігіне аса жоғары мән берген.

Қыздың ұзатылып барған жерінде өсірген ата-ананың, өскен ауылдың атына кір келтірмеуін, сағын сындырмауын тілеген.

Адамның мәдениеті мен тәрбие деңгейі оның сырт бейнесінен, киіне білуінен де көрінеді.



Тұсау кесер

Тұсаукесер – сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым.

Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, оны жүріс-тұрысы ширақ әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға баланың тұсауын кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушіге кәдесін береді. Тұсау кесу тойының негізгі жабдықтары 1,5 м ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ.

Тұсаукесердің жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары, сенімдері де бар. Көбейіп, көгере берсін деп көк шөптен есіп жасайды. Бай болсын деп малдың тоқ ішегінен де өреді. Адал болсын деп ала жіптен де жасайды.

Тұсау кесу тойына ауылдың қыз-келіншектері, әжелер шақырылады. Ет асылып, шай қайнатылады. Тойға келгендер шашуға құрт, май, тәтті тағамдар, балаға ойыншық, асық, сылдырмақ, т.б. әкеледі. Бұдан кейін 2 – 3 жасар балаларды жарыстырып, озғандарына бәйге береді. Балаларға өлең, жыр, тақпақ, жаңылтпаш айтқызады. Той тарқарда әжелер тойдан немерелеріне сарқыт деп қалталарына тәтті, бауырсақ, құрт-ірімшік салып алады. Тұсау кескен әйелге көйлек немесе аяқ киім сыйлайды



Қазақ халқы шаңырақты, бесікті, табалдырықты қасиет тұтқан. Бұл үшеуін ешқашан аяқпен баспаған. Бұл үшеуі қашанда бірімен-бірі байланысып, ұштасып жатады. Осынау қасиетті үш затты қатты тозып, тым ескірген кезде де аяқтың астына тастамай, өртеп жіберетін болған әрі күлін де аяқасты қылмай, көміп тастаған. Неге? Өйткені кез келген үй табалдырықтан басталады, отыңның басы сол табалдырықтан бастау алады. Ал бесікпен сенің ұрпағың, әулетің өседі. Бесік – киелі мүлік. Біз өмірге жаңа келген баланы періштеге балаймыз. Дүниеге жаңа келген бала періштедей пәк, таза. Сәби мен періштенің аты қатар аталады, сондықтан да бесікті қазақ таза ұстаған. Бесіктің бірде-бір затын кірлетпейді. Шаңырақпен еңсең биіктейді, түтінің шығады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Егеменді елімізде 120 ұлттың өкілдері ұзақ жылдар бойы тату-тәтті, бірге өмір сүріп жатыр. Ұлт достығын күшейтуде Кеңестік идеологияның оң ықпал еткенін естен шығаруға болмайды.

Соңғы он бес жыл ішінде әлемнің әр түпкірінде этникалық және діни қақтығыстардың жиі болып жатуы халықтар бірлігін күшейтудегі идеологиялық жұмыстардың әлсіреуінен де болып отырғаны көпке аян.


Ел президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылғандай "Ішкі саяси тұтастық пен қоғамның топтасуы саяси, идеологиялық, діни, этникалық немесе таптық мүдделерді біріктіруге бағытталған ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық мәдениетті насихаттауға байланысты" деп қарауға тура келеді.

Ұлт мәдениетінің өзіндік ерекшелігін ақтара қарап терең зерттеген педагог ғалымдардың бәрі де оның тәрбиелік мәнін сөз етпей өткен емес. "Халықтық тәрбиеден тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ" деп орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский текке айтпаған.

Ұлттық тәрбиенің ұйтқысы — ана тілі. Тілін жоғалтқан этнос, өзінің бұрынғы этностық қасиетінен айрылады. А.Н.Толстойдың "Тіл ұлттың жаны... идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі" деуі де ұлт тілінің ұлттық мәдениетті басқаларға бейнелеп бере білудегі артықшылығын көрсетуі деуге болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. http://asyl-bilim.kz/load/p_nder/aza_stan_tarikhy/ltty_salt_d_st_rl_erd_nasikhattaudy_t_rbielik_m_ni/13-1-0-481
2. http://e-islam.tarmpi.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=7:2013-01-09-11-25-55&catid=3:2013-01-09-11-23-46&Itemid=23
3. <https://kk.wikipedia.org>



*Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!*